

Қазіргі білім беру жағдайында психологияны оқыту

Молдабаева Р.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается проблема эффективности преподавания психологии в условиях современности, так как от этого зависит, как себя будут вести будущие специалисты и насколько легко они могут адаптироваться в условиях изменяющегося общества. Автор разъясняет, что содержание и методы обучения дисциплин должны организоваться таким образом, что в результате выпускающийся студент усваивает функциональные возможности психологического мышления, а также теоретические и практические знания, методы общения и взаимодействия с людьми в разных жизненных ситуациях. В статье доказывается, что преподаватель психологии не должен ограничиваться теорией, а владеть методами практической психологии, так как формирует у студентов мыслительные навыки, развивает способности решать умственные задачи.

Problem teaching to psychologies in condition of the modern formation, since from efficiency of the teaching to psychologies hang, as itself will lead the future young specialists and insofar easy they can be adapted in condition changing society. So contentses and methods of the education of discipline must be organized thereby that as a result releasing student must adopt the functional possibilities of the psychological thinking, as well as theoretical and practical knowledges and methods of the contact and interactions with people in different life situation. The teacher of psychology shouldn't be limited to theoretical psychology, he should own methods practical psychology as it forms cogitative skills at students, develops abilities to solve intellectual problems.

Білімі мен мәдениеті төмен, ой-өрісі тар адамдар қоғамның негізгі қозғаушы күші бола алмайтыны белгілі. Ондай қарабайыр тобырға арқа сүйеген мемлекеттің өзге өркениетті елдердің қатарына қосыла алмайтыны да ежелден мемлекет болып келе жатқан басқа ұлттардың тарихынан бәрімізге мәлім. Осындай тарихи жауапты кезеңдерде қоғам мүшелерінің сапалық деңгейінің жоғары болуының қажеттілігі туындап отыр. Ал, ол сапа көкірегі ояу, көзі ашық адамдардың молдығынан тұрады.

Үздіксіз білім беру жүйесінде жоғары оқу орындарында білім беру мәселесі оның басқа сатыларындағы сияқты өзгерістер мен жаңартулар, байытулар мен толықтырулар үнемі жүріп отырады. Қазіргі жаңа педагогикалық парадигма білім беруді жеке тұлғаның таңдауына бұруды және оның жеке интеллектуалды талаптарын қанағаттандырып отыруды талап етеді. Ал болашақ мамандарды даярлауда бұл мәселе аса өзектілікті болып табылады.

Қазіргі қоғам білім беру жүйесіне қоғамның өзгермелі жағдайына жеңіл бейімделетін болашақ мамандарды даярлауға мүмкіндік беретін жаңа талаптар қояды. Мұндай дайындық әр түрлі ғылыми саладағы білімдердің тек жиынтығына ғана тәуелді болмауы тиіс. Оқылатын пәндердің мазмұны мен әдістемесі, нәтижесінде бітіруші студент психологиялық ойлаудың қызметтік мүмкіндіктерін меңгеріп шығатындай, нәтижелі әрі ғылыми тұрғыдан дұрыс жоспарланған болуы қажет.

Жоо оқу нақты студент үшін болашақта өзінің кәсіби іс-әрекетінде сәтті қолдануға мүмкіндік беретін негізгі теориялық және практикалық білім алу болып табылады. Оқытушының мақсаты — болашақ маманға өзінде жинақталған білім мен іскерліктерді беру, сонымен қатар оларды тәжірибеде және шындық өмірде қолдануға үйрету. Бірақ психология — бұл гуманитарлық танымға жататын ерекше ғылым. М.М.Бахтин гуманитарлық таным — ғылыми танымның ерекше типі, оның негізінде зат емес, тұлға, субъект-субъект қатынасы тұрады деп атап өткен [1]. Тұлға танылушы ретінде танымның нақтылығын талап етпейді, ол танымның тереңдігін қалайды. Оның бірегейлігі студенттің дамуын «Психология» пәнін оқу барысында тек нәтиже ретінде ғана емес, сонымен қатар оны өзіндік сана, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру процесі ретінде қарастыру қажеттігінде. Мұндағы маңызды сәт әлемді бейнелеу ғана емес, сонымен бірге қазір және болашақта осы әлемде өзін, өзінің жағдайын, өзінің әлемге қатынасын, өзінің мінез-құлқын бейнелеу болмақ.

Аталған гуманитарлық танымның, психологиялық танымның ерекшеліктеріне орай психолог маманы үшін де, педагогикалық әрекетті игеру жүйесінде психологияны меңгерушілер үшін де психологияны оқыту келесідей мақсатты көздейді: өмірдің әр түрлі жағдайында адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынасты орнатудың теориялық және практикалық білімдерімен, әдістерімен қаруландыру.

Студенттердің кез келген ғылымды оқуы бір ғана мақсатқа бағынады, бұл өмірлік құбылыстарға, практикалық міндеттерге ғылыми тұрғыдан келуге үйрену, яғни жан-жақты игерілген білім тұрғысынан қарастыру. Психологияға қатысты алынатын болса, демек, бұл студенттің оны адам психологиясына ғылыми бағдарлану мақсатында оқу, яғни нақты адамдардың әрекет үстінде, қылықтарында оның көрінуін түсіну және түсіндіре алу үшін, осының негізінде олармен күнделікті тәжірибеде дұрыс өзара әрекеттесуге үйрену үшін оқу.

Бұл мақсат әрі кез келген ғылымды оқуға қатысты болғанымен, ол тек студент іс-әрекетіне ғана тиесілі: тек студент қана оны игеруге талпынуы қажет. Ал оқытушының іс-әрекеті студент іс-әрекетінен өзгеше мақсатты көздейді. Студенттің мақсаты — ғылымды игеру болса, оқытушының мақсаты — оны студенттің бойына сіңіру. Осы мақсаттар түбінде бірігеді. Бірақ мәселені қойған кезде олар әр түрлі: студент оқытушыдан «білімді алуды», ал оқытушы қажетті білімді «беруді» және оларды қолдануға үйретуге көздейді.

Психологияны оқуда кез келген студент болашақ мамандығына қарамастан, адам әрекетімен қылықтарын талдауға, тұлғаның мінез ерекшеліктерін және қабілетін, темпераментін және басқа да тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға, қоғамдағы, ұжымдағы, басқа адамдармен қарым-қатынастағы әлеуметтік психологиялық құбылыстарды және т.б. ашуда психологиялық ойлануды үйренуі қажет.

Демек, студенттің психологияны игеру мен оқытушының психологияны оқыту мақсаты осы процестің нәтижесінде студентте басқа адамдармен шынайы өзара әрекет кезінде ғылыми-психологиялық білімді тәжірибеде басшылыққа ала білу іскерлігін қалыптастыруда бір-бірімен ұштасады. Бұл өз кезегінде жоғары да айтылған мақсат студентте психологиялық ойлау іскерлігін қалыптастыруды көздейді.

Б.Ц.Бадмаев бойынша, психологияны оқытудың мақсаты студенттерде ғылыми-психологиялық білімді басқа адамдармен шынайы өзара әрекет барысында практикалық басшылыққа алу іскерлігін қалыптастыру, бұл студенттердің психологиялық ойлауын қалыптастыру болып табылады [2]. Біздің ойымызша, соңғы анықтама психологияны оқытудың мақсатын едәуір нақтырақ айқындайды, себебі ол өзінің құрамына процесс пен оның соңғы нәтижесін ғана емес, сонымен қатар басты назарды студенттерде психологиялық ойлай білу іскерлігін қалыптастыруға аударады. Психологияны оқи отырып, студент болашақ мамандығына қарамастан, адамдардың іс-әрекеттері мен қылықтарын бағалап, оны талдауда, тұлғаның мінез-құлқы мен қабілетінің, темпераментінің ерекшеліктерін, қоғамдағы, ұжымдағы, адамдардың қарым-қатынасындағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды анықтауда психологиялық ойлауға үйренуі қажет.

«Психологияның» оқу пәні ретіндегі ерекшелігі, ондағы қажеттіліктің, оқу міндеттерінің, оқу мотивациясының, әрекеттер мен амалдардың және оқу нәтижесінің болуымен сипатталады. Оқу әрекетіндегі қажеттілік студенттердің теориялық білімді меңгеруге талпынысы ретінде қарастырылады. Оқу міндеті — өнімді міндетті шешу және субъектінің өзгеруі болып табылатын міндет. Оқу әрекетінің уәжі әр түрлі болуы мүмкін, бірақ ең нәтижелісі танымдық мотив болып табылады. Оқу әрекетін жүзеге асыру — бұл студенттің оқу әрекеті мен амалдарын бірізділікпен орындау.

Студенттерде қалыптасқан білім, іскерлік дағды оқытудың нәтижесі болып табылады. Психологияны оқытудағы оқу әрекетінің объектісі психологиялық шындық болады. Психологиялық шындық пен әрекет студенттің әр түрлі тәсілдерін игеру оқу әрекетінің пәні болады.

Қазіргі кезде оқытуды ұйымдастырудың жаңа бағытта болуы керек. Ендеше дайын білімді жаттаудан тұлғаны қалыптастыруға, шығармашылықпен оқуды дағдыландыруға көшу керек. Олай болса, жаңа оқыту әдістері бойынша оқытушы оқытпайды, тек жетелейді, ал студент өзінің іс-әрекеті процесінде өзі оқиды. Егер оқушының танымдық іс-әрекеті жоғары белсенді болса, меңгерудің тиімділігі де жоғары болады.

Бұл жағдайда оқытушы студенттің оқу іс-әрекетінің ұйымдастырушысы рөлін атқарады. Мұндай ұйымдастырудың себебінен студент ақпаратты пассивті қабылдаушы емес, керісінше, ақпаратты белсенді «табушы» және іздеуші болуы тиіс. Мұндай оқу іс-әрекетін қамтамасыз ететін оқытушының әдістерін оқытудың белсенді әдістері деп атаймыз.

В.Я.Ляудистің берген анықтамасы бойынша: «Оқытудың белсенді әдістері деп бірлескен және жеке оқу іс-әрекеті жағдайында әлеуметтік құнды нәтижелер жетістіктерімен байланысқан оқытуды құнды шығармашылықпен ұйымдастыратын әдістер деп түсінуге болады» [3; 24].

Жоғары оқу орындарындағы оқу орта мектептегі оқытудан әлдеқайда өзгеше, оның сыртқы формасында да, ұйымдастырылуында да, сондай-ақ ішкі, психологиялық жағында да

айырмашылықтар бар. Студент өзінің оқу іс-әрекетінде жаңа жоғары сатыға көтеріледі — мұғалімнің күнделікті қадағалауымен және басшылығымен алынатын оқудан әлемнің ғылыми жетістіктерін өздігінен меңгеруге ауысып, оқу және өзіндік оқу әдістерін меңгереді. Оқытушы студентке өзіндік шығармашылығының потенциалын ашуда зерттеушілік бабын талап ететін оқу есептерін қоя отырып, көмектеседі. Студент өзінің оқу іс-әрекеті нәтижесінде жоғары білікті маман ретінде өзін-өзі қалыптастырады.

Жоғарыда айтылғандардан келесідей қорытынды жасауға болады: оқыту әдістері оқушының өзіндік іс-әрекетін белсенді етіп, тұлғаның ақыл-ой дамуына қызмет етсе ғана тиімді бола алады.

Қазіргі кездегі белсенді оқыту әдістерінің ішінен В.Я.Ляудис психологияда қолдануға едәуір қолайлы әдістердің үш тобын бөліп көрсетеді [3; 95]: бағдарламаланған оқыту әдісі, проблемалық оқыту әдістері, интерактивті оқыту әдістері.

Бағдарламалық оқыту әдістері білімнің пәндік мазмұнына байланысты мақсатты, міндетті шешу тәсілдерін, қолдау мен қадағалау формаларын нақтылау және түрлендіру арқылы дәстүрлі оқытуды қайта құруды көздейді.

Бағдарламаланған оқыту — бұл П.Я.Гальпериннің XX ғасырдың 50-жылдарында жасаған ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясына негізделген оқытудың белсенді әдістерінің жиынтығы [4]. Бұл теория оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыру туралы теория; қоғамдық тәжірибе жоспарынан жеке тәжірибе жоспарына ауысудың негізгі кезеңдерінің пайда болуы туралы білім болып табылады. Бұл әдіс бойынша алдын ала оқыту мақсаты және осыған орай оқытушының қадағалауы және басшылығымен жүйелі әрекеттер қатары да жоспарланады, соңында бір нәтижеге, яғни оқушы дағдыларының қалыптасуына, әкеледі.

Бағдарламаланған оқытудың ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясына сәйкес ұйымдастырылатын негізгі әдістемелік құралдары келесідей болып табылады:

1. Оқушыға меңгеретін әрекетті қатесіз орындауға мүмкіндік беретін белгіленген әрекет негіздерінің сызбасы (БӘН).

2. Берілген әрекетті орындау барысында әр түрлі модельдеуші жағдайлардан тұратын оқу есептерінің жиынтығы.

Оқушы бұл есептерді БӘН сызбасына қарап шешеді. Есептер үш түрлі болады: пәндік, логикалық, психологиялық. Пәндік типтегі есептерге психологияда практикалық психологтың әрекетінде кездесетін жағдайларды модельдеу жатады. Мысалы, адамдардың психологиялық жағдайларын тәртібінен, әрекеттерінен, сіздерінен т.б. байқау жатады. Сонымен қатар сурет, сызба, сызу негізінде есептелетін есептер де жатады.

Пәндік есептер оқушының ақыл-ойын ынталандыру үшін, олар өте сирек немесе күмәнді жағдайлардан, әдеттегі емес жаңа есептер болу керек, үйреншікті жағдайдағы есептер болса, ондай есептер жалықтырып, студентті қызықтырмайды.

Логикалық типтегі есептер — бұл шешу үшін логикалық заңдылықтар бойынша ойға салуды талап ететін есептер, яғни, ойша әрекетті талап ететін есептер. Ойға салу бұл есептің шартын анықтауға бағытталады: берілген есеп шартының қайсысы керек, қайсысы артық немесе бұл есептің тұжырымдамасында қандай керекті шарттар жетіспейді. Бұл есептерде есепке логикалық талдау жасау қажет. Логикалық есептің төрт түрі болады.

1. Есептің мазмұнында барлық керекті шарттар белгіленген, бірақ артық шарттар жоқ.
2. Есептің мазмұнында керекті және керексіз артық шарттары белгіленген.
3. Есептің мазмұнында артық шарттар жоқ, бірақ кейбір керекті шарттар берілмеген.
4. Есептің мазмұнында артық шарттар болғанымен, керекті шарттар түгел емес.

Студентте қате әрекет тудыру мүмкіндігі және есептің шешуіне әкелетін керекті маңызды жақтар маңыздысын немесе, керісінше, маңызсыз жақтар маңызды жақтар жасырылып қалатын есептер түрі психологиялық есептер типіне жатады. Бұл есептер студентке жеңіл жолмен емес, ақыл-ой мен жігер арқылы шешуді талап етеді. Студенттен әрекеттерде ойлампаздық, есептің шартын талдауда сабырлық және парасаттылық керек.

Психологиялық типтегі есептер белгілі бір жағымды әсер тудырады, себебі олар құбылыстармен заңдылықтардың анықтамалық және көрнекілік сипаттамалары арасындағы қарама-қайшылықтардан құрастырылған есептер болып табылады. Егер студент көрінгенді нақтыдан, бұлыңғырды шындықтан, кездейсоқтықты қажеттіден айыруға үйренбесе, онда ол қате әрекеттер жасайды, керексіз нәтижелер алады, яғни қателесіп отырады.

Психологиялық типтегі есептерді келесідей ерекшеліктер арқылы анықтауға болады:

1. Есептегі құбылыстың белгілері іздестіріп отырған құбылыс сипатына ұқсас болады (ұқсайды, бірақ ол емес).

2. Бақылап отырған белгілер іздестіріп отырған құбылысқа ұқсайды және соның ізі болып табылады (ұқсайды және соның ізі).

3. Бақылап отырған белгілер іздестіріп отырған құбылысқа жатпайды, бірақ оның белгілері болып табылады (ұқсамайды, бірақ сол).

4. Құбылыстың көрнекі белгілерінен іздестіріп отырған құбылысқа ұқсамайтынына қарап, бұл оның белгілері емес деп қорытынды жасау (ұқсамайды және ол емес).

Психологиялық типтегі есептерді шеше білу — бұл студенттің жан-жақты әрекетті меңгеріп, ойланып және әрбір әрекеті ақыл-ойдың жоғары дәрежесіне сай орындауы.

Оқытудың проблемалық әдісінде басты назар студенттердің ақыл-ой әрекеттерінің мотивтері мен әдістеріне, сондай-ақ оның проблемалық жағдайға кіру рәсіміне аударылады.

Проблемалық оқыту арқылы студенттердің белсенді ойлау әрекетінің дәрежесін көтеру, оларды ақыл-ойдың шығармашылық әрекеттерінің жүйесіне үйрету болып табылады. Бұл жүйені меңгеру ақыл-ой әрекетінің сапасын арттырып, ғылыми диалектикалық ойлауды қалыптастырады. Проблемалық оқыту процесінде негізгі төрт саты айқын болу керек: проблемалық жағдайды түсіну, проблеманы нақты құра білу және оны талдау, ұсыныстар жасау, болжам жасау жолымен проблеманы шешу, проблемалы міндеттерді шешудің дұрыстығын тексеру.

Проблемалық оқытудың мәні проблемалық жағдай тудыру, оны шешуде студенттердің әрекетін басқару болып табылады. Зерттеуші В.Оконь проблемалық жағдай тудырудың төмендегідей белгілерін тұжырымдап берді [5]:

1. Проблемалық жағдай студенттердің белсенділігін, қызығушылығын, ынтасын тудыратындай табиғи және өмірлік сипатта болу керек.

2. Студенттердің тәжірибесіне, біліміне, жасына лайықты қиыншылықтардың болуы көздеуі қажет.

3. Проблема анық, дәл қойылуы тиіс.

4. Проблеманы толық не жартылай шешу — бұл оның дұрыстығын таңдай болып табылады.

5. Бір жағдайдан екіншіге өтуде бірізділік, әсерлілік сақталуын көздеу керек.

Бірізділік, өзара қатынас, байланыс, тәуелділік, мәселені жан-жақты тануға мүмкіндік тудырады. Проблемалық оқыту студенттерді ғылыми, дидактикалық, логикалық, ойлауға, кездескен қиындықтарды жеңуге үйретеді. Оқу материалын дәл, қызықты болуы, білімнің берік болуы, сенімге айналуы, ұзақ есте сақталуын қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқытудың артықшылығы:

– ғылыми ақиқатты дәл, саналы түсінуге білімнің сенімге айналуына мүмкіндік тудырады;

– диалектикалық ойлауға, ғылыми ізденушіліктің жолына үйретеді;

– проблемалық оқу эмоционалды беріледі де сабақ тартымды болып, оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін тудырады.

Оқытудың интерактивті әдісі адамдардың өзара әрекеті мен қарым-қатынасын ұйымдастыру арқылы білімді игеру үрдісін басқарады.

Оқытушының әрекетінің аймағы бір ғана студент емес, бір-бірімен сұрақтарды талқылайтын, пікірталасқа түсетін, өзара ынтымақтастықта болатын және бір-бірін ынталандыратын әрі белсенді ететін өзара әрекет жасайтын студенттер тобы болып табылады. Адамдар ұжымымен ақиқатты іздеу барысында жарысады, бәсекеге түседі, сондықтан интерактивті әдіс студенттердің рухын көтеріп белсенділігін арттырады.

Интерактивті оқытуға келесідей әдістер жатады: эвристикалық әңгіме, пікірталас, «ой шабуылы», «дөңгелек үстел», іскерлік ойындар, практикалық жұмыстар жарысы және оларды талдау.

Эвристикалық әңгіме — бұл ұжымдық ойлау немесе проблеманың жауабын іздеуге құрылған әңгіме. Бұл әңгіме барысында ойша іздеу ұжымдық ойлауға алмасады, себебі әңгіме барысында пікір алысады, аралық шешулердің әр түрлі нұсқалары айтылады, бұл жағдайда студенттер ақиқатты өзара әрекет және өзара көмектесу арқылы бір-бірінің ойлауын арттырып, ақиқатты іздейді [6].

Пікірталас — бұл арнайы бағдарламаланған оқу бағдарламасының теориялық сұрақтарын талдауы, әдетте бұл сұрақты қоюмен басталады және эвристикалық әңгіме түрінде өріс алады.

Пікірталас — бұл сөйлеу әрекетінің диалог түрі. Бұл жағдайда әңгіме барысында туған пікірлер арасында интенсивті күрес туады. Пікірталастың ерекшелігі, оған түскендердің пікірі дәлелденетін, ақиқатты, белгісіз бір жерден пайда болған емес белсенді ойлаудан пайда болған пікірлер болып

табылады. Пікіргалас әдісі семинар-пікіргаласта, семинар-практикумдарда, практикалық және лабораториялық сабақтарда тапсырмаларды орындау нәтижелерін талқылау барысында қолданылады.

«Ой шабуылы» — әдісінің мәні бойынша күрделі проблемаға жауап іздеу барысында әр түрлі ойға кез келген идеялар, болжамдар, ұсыныстар, кездейсоқ аналогияларды интенсивті айту, сонымен қатар қатысушылардың керекті немесе керексіз ассоциациялары пайда болуы мүмкін. Бұл пікірлердің барлығы диктофонға жазылып «ой шабуылын» ұйымдастырушы зейін қойып олардың ішінен сұраққа жақын жауаптарды таңдап алып, кейін сұрақ мазмұнына сәйкес терең талқылау ұйымдастыру.

«Ой шабуыл» әдісінің алтын ережесі деп әңгіме барысындағы бірде бір ой-пікірдің айтылуына күмәндену, сын айтуға болмайды, әр түрлі идеяларды айтуға ерік берілуі керек.

«Дөңгелек үстел» әдісі әр түрлі ғылыми аспектілерде теориялық проблемаларды меңгеру жолымен қарастырылатын, тиімділікті арттыратын әр түрлі профильдегі мамандардың қатысуымен өтетін әдіс.

Іскерлік ойын әдісі — мамандарды басқару және әрекет жасауға үйрететін әдіс. Студентті нақты жағдайда қатысушы кісі ролінде айқын және пәнді ойларға мәжбүр еткізіп, елеулі нәтижелерге жету деген саналы мақсатта болуға қою. Сондықтан бұл жағдай оқушының зейінін сезімталдандырады, ойлауды мақсатқа бейімді қылып меңгеруді жақсартуға себеп болады.

Интерактивті оқытудың жаңа әдісі тренинг болып табылады. Тренинг — бұл арнайы жасалған кіші топтарда қарым-қатынасты ұйымдастыру арқылы өтетін психологиялық-түзету жұмыс әдісі.

Психологиялық тренинг — бұл топтағы адамдардың қарым-қатынастары мен өзара түсіністік пен өзін-өзі тану дағдылары мен ептілігін қалыптастыратын топтық әдістер жиынтығы.

Сабақты топтық тренинг әдісімен өткізу оқытушыдан зор дайындық жұмысты талап етеді.

1. Тренингтің сценарий жоспарын құруға байланысты жұмыс.

2. Тренингте талқыланатын проблеманы шешуге қатысуға студенттердің көңілін белсенді етуге байланысты жұмыс.

Оқытушының өзіндік дайындығы (өзінің жүріс-тұрысын ойластыру; сұрақтарды қалай қоятынын қарастыру; сұрақтарға қалай жауап қайтаруды; даулы мәселеге қалай жауап беруді т.б. ойластыру).

Демек, оқытудың белсенді әдістері — бұл оқу үрдісінде субъектінің жоғары белсенділігін қамтамасыз ететін әдістер болуы тиіс, себебі осы курста алған білім студенттердің маман оқытушы ретінде оның теориялық, ғылыми және практикалық дайындығының жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, осыдан психикалық дамудың басты қозғаушы күші ретінде қазіргі білім беру үрдісіндегі ұйымдастыруды тиімді жолына алуы қажет.

Заманауи білім беру барысында жаңа ақпараттық технологияны қолдану талап етіледі. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз — оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуші техниканың техникалық құралдары, оқытушылар мен оқушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни ақпараттық технология — білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және балаларға білім беруші құрал.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр. Заман талабына сай барлық мектептер компьютермен жабдықталып, ол оқушының іс-әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келеді.

Компьютермен жұмыс істеу оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, жалпы мәдениетінің деңгейі мен ықыласын көтереді.

Компьютерді психология сабағында қолданудың артықшылығы:

- психологияның бірнеше тақырыптарының қамтылуы;
- оқу материалының жеткізілу көрнектілігі, түсі, дауысы, қозғалысы;
- оқу орны тәжірибесінде көрсетілмейтін тәжірибелерді көруге болады;
- оқушылардың пәнге қызығушылығы артады.

Қоғам инновацияның арқасында білім беруде қандай жетістіктерге жететінін және оны студенттерді оқытуда шұғыл қолдануға мүмкіндік болатыны жайлы айтпай кетуге болмайды.

Жақында ғана пайда болып білім беруге белсенді, демек, оқыту процесіне енгізіліп отырған, бүгінде қазіргі кездегі телекоммуникацияның мүмкіндіктеріндегі жетістіктер жүйесінде онсыз уақытқа сай аяқ басу мүмкін емес жаңа ақпараттық технологияларды атау қажет. Олардың ішінде

қашықтықтан оқыту (ҚО) — Интернет жүйесі арқылы білім негіздеріне ұлттық халықаралық білім беру мекемелердің мәліметтер негіздеріне қол жеткізу бірінші орында.

Қашықтықтан оқыту формасын тәжірибеге ендірудің бірнеше артықшылықтары бар, себебі қашықтықтан оқытудың негізгі сипаты мыналар болып табылады:

1. Икемділік. Оқушылар дәріс және семинар сабақтарына жүйелі қатыспайды, олар өздеріне ыңғайлы уақытта, орында және қарқында жұмыс істейді. Қашықтықтан оқыту қандайда бір себептермен дәстүрлі білім алу мүмкіндігінен айырылған адамдарға білім алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар даралап оқыту мүмкіндігін күшейтеді.

2. Модульдылық. Әрбір жеке курс белгілі бір сала жөнінде тұтас түсініктің қалыптастырады, ол бір-біріне тәуелді емес курстар жинағынан — модульдерден жеке және топтық қажеттілікке жауап беретін оқу бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

3. Экономикалық тиімділік. Әлемдік білім беру жүйесінің орташа бағасы қашықтықтан оқытудың дәстүрлі білім беру жүйесінен екі есе не одан да арзанға түсетінін көрсетіп отыр.

4. Оқытушының жаңа рөлі. Оған танымдық процестерді бағыттау, оқытылатын курсты түзету, кеңес беру, оқу бағдарламасын басшылыққа алу және т.б. сол сияқты жаңа қызметтер жүктеледі.

5. Білім берудің арнайы бақылауы — қашықтықтан ұйымдастырылған емтихандар, әңгімелесу, практикалық, курстық және дипломдық жұмыстар және т.б.

Едәуір көп тараған электрондық басылымдардың бірі электрондық оқулық (ЭО) болып табылады, оған мәтіндерден басқа студенттерге оқу материалын қабылдаудың әр түрлі формаларымен меңгеруге мүмкіндік беретін құрылымдық-логикалық сызбалар және көрнекі материалдар кіреді. Оларға сонымен қатар негізгі құқықтық құжаттар, терминдердің сөздігі, ақпаратты іздеу модульдері, тест кіруі мүмкін [7].

Электронды оқулықтың артықшылығына мыналарды жатқызуға болады: тәжірибені шұғыл кері байланыспен қамтамасыз ету; ақпарат іздеуге көмек; гипермәтіндік түсіндірулерге бірнеше қайтара жүгінуде уақытты едәуір үнемдеу. Студенттің дара ерекшеліктерінің қарқынына орай белгілі бір тарау бойынша білімді тексеруге мүмкіндік береді.

Егер жоо-дағы психология оқытушысы студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға қам жесе және оған арнайы оқыту әдістері арқылы ықпал етіп отырса, онда ол тек теориялық психологияны оқытумен ғана емес, сондай-ақ практикалық психологиямен, психотехникамен де айналысады деген сөз, себебі ол теориялық психология материалдарына сүйене отырып, ойлау дағдысын шынайы қалыптастыруға, ақыл-ой міндеттерін шешуге қабілеттілікті шынайы дамытуға күш жұмсайды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Бахтин М.М.* Эстетика словесного творчества. — М.: Академия, 1979. — С. 212.
2. *Бадмаев Б.Ц.* Методика преподавания психологии. — М.: Владос, 2001. — С. 135.
3. *Ляудис В.Я.* Методика преподавания психологии. — М.: Наука, 1999. — 177 с.
4. *Гальперин П.Я.* Психология как объективная наука. Изб. психол. труды. — М.: Аспект-Пресс, 1998. — С. 143.
5. *Ильясов И.И.* Обучение студентов деятельности учения. Формирование учебной деятельности студентов. — М.: Логос, 1989. — С. 87.
6. *Карандашев В.Н.* Методика преподавания психологии: Учеб. пособие. — СПб.: Питер, 2005. — С. 47.
7. *Бадмаев Б.Ц.* Психология: как ее изучить и усвоить. — М.: Владос, 1997. — С. 156.